



Автор: Нурмагамбетова Ботагоз Мукушевна
Пән: Қазақ тілі (Т1)
Сынып: 7-сынып
Бөлім: Қазақстандағы ұлттар достастығы
Тақырып: Қазақстан халқы Ассамблеясы

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	Т/А 1.Мәтін үзінділерін тыңдай отырып, оқиғаның дамуы мен аяқталуын болжау. ӘТН4.2. Еліктеуіш сөздердің мәнмәтіндегі қолданысын түсіну.
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: Мәтін үзінділерін тыңдай отырып, оқиғаның дамуы мен аяқталуын болжайды; - еліктеуіш сөздерді біледі. Оқушылардың көбісі: - оқиғаның дамытады; - аяқталуын болжауға талпынады; - еліктеуіш сөздерді біледі, мәтінде таба алады Кейбір оқушылар: - оқиғаның дамуы мен аяқталуын болжай алады; - тілдік құралдарды ажыратады, - еліктеуіш сөздерді ажырата алады, мәтінде таба алады, орынды қолдана алады.
Тілдік мақсаттар:	Диалог пен жазу үшін пайдалы сөздер мен тіркестер: <i>ұлттар бірлігі, таулығы, көп ұлтты ел, тілегі мен мақсаты бір, бейбітшілік.</i> Талқылауға арналған сұрақтар: <i>Қазақстанда қанша ұлт мекендейді?Ұлттар достастығы дегенді қалай түсінесің?Ұлттар достастығы не арқылы көрініс табады?</i> Сөйлеу мәдениетін жетілдіру үшін қолдануға ұсынылған тілдік оралымдар: <i>Менің ойымша, біріншіден, сонымен қатар, қорытындылай келе т.б.</i>
Күтілетін нәтиже:	<ul style="list-style-type: none">• Мәтін үзінділерін пайдаланып, оқиғаны дамытады.• Еліктеуіш ажырата алады, мәтінде таба алады, орынды қолдана алады.
Бағалау критерийлері:	<ul style="list-style-type: none">• Мәтін үзінділерін пайдаланып, оқиғаны дамытады• Аяқталуын болжайды• Еліктеуіш сөздердің мәнмәтіндегі қолданысын анықтайды
Құндылықтарды дарыту:	Шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау, қарым-қатынас жасау қабілеті, өмір бойы білім алу
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Түсіну, қолдану, талдау, жинақтау
Пәнаралық байланыс:	Қазақстан тарихы, әдебиетҰлттар достығы-басты байлығымыз.
Бастапқы білім:	Ұлттар достығы-басты байлығымыз.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5 минут)	I. Ұйымдастыру кезеңі Амандасу, оқушыларды түгендеу. Психологиялық ахуал қалыптастыру. Үй тексеру. «Аяқталмаған сөйлемдер» әдісі Оқушылар тақтадағы достық, татулық туралы мақал-мәтелдерді аяқтайды. 1.«Сыйласқанмен сыйлас, Сынасқанмен сынас.», 2.«Тату елдің тамағы таусылмайды.», 3.«Бірлік болмай, тірлік болмас.» 4.«Ынтымақ қайда болса, ырыс сонда.», 5.«Сыйласу екі кісіге бірдей.» 6.«Досы көппен сыйлас, Досы азбен сырлас.»	АКТ-ны қолдану

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар				
Сабақтың ортасы (35 минут)	<p>1.Тыңдалым алдындағы тапсырма. «Сұрақтар жаңбыры» әдісі Оқушылыр берілген сұрақтарға жауап береді. Қазақстанда қанша ұлт мекендейді? Ұлттар достастығы дегенді қалай түсінесің? Ұлттар достастығы не арқылы көрініс табады? Қазақстан халқы Ассамблеясы қашан құрылды? Ассамблеяның негізгі мақсаты қандай? Дәйектеме: Тыңдалым алдындағы тапсырмаға «Сұрақтар жаңбыры» әдісін қолдандым, себебі оқушылардың ой қорыту дағдыларын жетілдіреді.</p> <p>2. Тыңдалым кезіндегі тапсырма. Жұптық жұмыс. Көркем шығармасынан үзінді. Оқушылар мәтін үзіндісін мұқият тыңдайды. Берілген тапсырма орындайды. Әрі қарай не болғанын болжап, әңгімені аяқтаңыз. Өз нұсқаңызды салыстырыңыз Тапсырма. Мәтінді тыңдап, әрі қарай оқиғаны өз сөзіңізбен дамытыңыз. <i>Біз бір класта жеті қазақ баласы, екі орыс, екі неміс, бір шешен, бір татар — бес ұлттың балалары оқитынбыз. Бәрі де соғыс басталғаннан бері жаңадан көшіп келгендердің балалары.Келген кездерінде бірауыз қазақша білмейтін балалар бірер жылдан кейін—ақ өзімізді сөзден жаңылдыратындай боп сайрап шыға келді.Ауылымыз — қазақ ауылы, сондықтан күнделікті тірліктің бәрі қазақша: ойын қазақша, мектептегі оқу қазақша, демек, қазақ тілі — бүкіл ауылға ортақ тіл және қазақ тілі үйренуге оңай тіл сияқты. Мысалы: Отто көшіп келген соң үш күннен кейін көшеде өзімізбен бірге “түлкі—тазы” ойнап, қазақша айтқанымыздың бәрін айна қатесіз түсініп, ойын үстінде біздің сұрақтарымызға “бар,жоқ” деп жауап қайтарып, лезде тобымызға қосылып кетті. Орыс баласы Петке мен шешен баласы Бәкке де солай болды. Ала жаздай өзімізбен қосылып ойнап жүрді де, күзде мектепке қазақ кластарына кеп өзімізбен бірге партаға отырды.Мұқан ағай әуелде: “Әй, бұл балаларға қиын болды—ау” деп біраз абыржыған.</i> Дұрыс түпнұсқасы. Артынан әлгі балалардың оқуға деген ынтасын көріп: “Ойпыр—ай, мына балалар зерек екен”—деп сүйсіне мақтаған. Сөйтіп,әліппені бірге үйреніп, хатты бірге таныған балалар қайсысымыздың қай ұлт екенімізді де еске алып, сөз етіп көрген емеспіз... Қысқасы, бүгінде Петке де, Отто да, Бәкке де майданға хат жазғанда өзімізден кем түспейтін, қазақша мақал—мәтеліңе де қарасөз бен өлең сөзіңе де желдей есіп тұрғандар.</p>	Тыңдалым мәтіні Кері байланыс. ҚБ « Қолпаштау Жеке жұмыс "Келісемін-келіспеймін"				
	<table border="1"> <thead> <tr> <th data-bbox="316 1294 630 1339">Бағалау критерии</th> <th data-bbox="635 1294 1137 1339">Дескриптор</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td data-bbox="316 1350 630 1440">Білім алушылар екі мәтіндерді зерделіп оқиды, салыстырады</td> <td data-bbox="635 1350 1137 1440">мәтінді мұқият тыңдайды, - мәтінді дамытады; - аяқталуын болжайады; - түпнұсқамен салыстырады</td> </tr> </tbody> </table>	Бағалау критерии	Дескриптор	Білім алушылар екі мәтіндерді зерделіп оқиды, салыстырады	мәтінді мұқият тыңдайды, - мәтінді дамытады; - аяқталуын болжайады; - түпнұсқамен салыстырады	
Бағалау критерии	Дескриптор					
Білім алушылар екі мәтіндерді зерделіп оқиды, салыстырады	мәтінді мұқият тыңдайды, - мәтінді дамытады; - аяқталуын болжайады; - түпнұсқамен салыстырады					
	<p>Әрі қарай не болғанын болжап, әңгімені аяқтаңыз. Өз нұсқаңызды салыстырыңыз</p> <p><i>Ал кейбір балалар бұлардай емес, тілге әлі де болса шорқақ болатын. Көптеген сөздердің мағынасын түсіне алмай, дұрыс айта алмай қиналатын кездері бар. Сондай балалардың бірі Бели еді. Өзі мінезі аңқылдақ, айтқаныңды тез үйрене қойғысы кеп тұратын елгезек—ақ бала. Бірақ ылғи күлкіге қап жүреді.</i></p> <p>3.Оқылымнан кейінгі тапсырма «Неліктен» әдісі. Шарты: әр жұп мәтіндердің мазмұны бойынша 2 сұрақ құрастырады. Сұрақ «Неліктен» деп басталу керек. Дәйектеме: Бұл әдіс мәтіндердің мазмұнын оқушылардың қаншалық түсінгенін тексеру, проблемалық сұрақтарды құрастыру дағдыларын қалыптастырады. Мұғалімнің сырттай бақылауы, кері байланысы ҚБ.«Жұлдыздар» әдісі арқылы топтар бір-бірін бағаланады. Қызыл түс – келіспеймін, сары түс – жауапты толықтырамын, ақ түс – толықтай келісемін. Дәйектеме: Бұл әдіс оқушылардың алған білімдерін бағалау, қолдау көрсету үшін алынды.</p>					
	<p>4. Жазылым. Оқушылар мәтіннен еліктеуіш сөздерді табады. Еліктеуіш сөздердің мәтіндегі қолданысын анықтайды</p> <ul style="list-style-type: none"> • 1.Жай ғана сарт етіп жабылады • Іздегенің ішінен табылады <p>2.Қорбаң – қорбаң еткен</p> <ul style="list-style-type: none"> • Өмірі орманда өткен 					

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың соңы (5 минут)	<p>Рефлексия. «Білім қоржыны» әдісі. Тақтаға «Білім қоржыны» ілінеді. Оқушылар өздерінің білімдерін бағалап, қоржындардың біреуіне стикерді жапсырады.</p> <p>Дәйектеме: бұл әдіс оқу бойынша қорытынды жүргізу, оқуды біріктіру, келесі деңгеймен байланыстыруды көздеп отыр</p>	Жеке жұмыс. Түрлі-түсті стикерлер
Рефлексия	<p>Үйге тапсырма: «Қазақстандағы ұлттар достастығы!» тақырыбында эссе жазу. (100-120 сөз</p>	